

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензия алымын төлеудің тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.01.24. N 100 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензия беру туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ және "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ заң күші бар Жарлықтарын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензия алымын төлеу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Лицензия беруге құзыретті мемлекеттік органдар лицензия берілетін нақты қызмет түрлерімен айналысудың ерекшеліктеріне сәйкес лицензия берудің тәртібі мен шарттарын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 16 тамыздағы
N 1127 Қаулысымен
Бекітілген

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензия алымын төлеудің тәртібі туралы

I . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Лицензия деп құзыретті мемлекеттік орган белгілі бір қызмет түрімен айналысуға немесе белгілі бір іс-әрекет жасауға заңды немесе жеке тұлғаға беретін рұқсат ұғынылады.

2. Лицензия алу Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында лицензия беру көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру және іс-әрекет түрлерін жасау үшін қажет.

II. Лицензия алымының мөлшері мен төлеу тәртібі

3. Лицензиялық алымның мөлшерін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігінің келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және ол лицензияларды ресімдеу мен беру кезінде, сондай-ақ лицензиялық тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асыру кезінде лицензиарлардың шеккен шығындарына сүйене отырып айқындалады.

Бүкіл кезең бойы тиісті кәсіпкерлік қызмет түрімен айналысуға

лицензия беру үшін лицензиялық алым қосымшаға сәйкес ставкалар бойынша лицензия беру сәтіне бір жолғы тәртіпте жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.09.

N 987 қаулысымен.

P960987_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1998.12.14.

N 1283 қаулысымен.

P981283_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.05.31. N 669

қаулысымен.

P990669_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.20.
N 1218 қаулысымен.

P981218_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің
2000.09.22. N 1439 қаулысымен.

P001439_

4. Лицензиялық алым жергілікті бюджеттің кірісіне енгізіледі.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.04.08. N 505
қаулысымен.

P970505_

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.05.31. N 669
қаулысымен.

P990669_

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708
қаулысымен.

P990708_

5. Лицензия алымын заңды және жеке тұлғалар лицензия

алғанға дейін төлейді.

6. Лицензия бір жылдан астам мерзімге берілген жағдайда лицензия алымын төлеу жыл сайын кезекті лицензия алымын төлегеннен кейін он екі ай мерзім өткен соң жүзеге асырылады. Кезекті лицензия алымын төлеу лицензиат лицензия берілген қызмет түрімен айналысуды жалғастырғанын растайды және қайтадан лицензия беруді көздемейді.

7. Егер лицензия алушы лицензияны алғаннан кейін лицензия берілген қызметке кіріспе немесе онымен айналысуды тоқтатқан жағдайда лицензия алымын қайтару немесе мөлшерін қайта есептеу жүргізілмейді.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен. P 0 1 1 0 9 5 _

III. Лицензия алымын төлеу үшін жауапкершілік және бақылау

8. Төленген алыс сомасының дұрыстығы, толық және уақтылы бюджетке аударылуы үшін жауапкершілік лицензия беруші органға жүктеледі.

9. Лицензиялау тәртібі белгіленген қызметті лицензиясыз жүзеге асырудан алынған табыс Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жергілікті бюджетке алынуы тиіс.

10. Бюджетке аударылуы тиіс белгіленген мерзімде төленбеген соманы салық қызметінің органдары Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген санкцияларды қолданып өндіріп алады.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 16 тамыздағы
N 1127 қаулысымен
бекітілген ережеге
қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.20.

N 1218 қаулысымен.

P981218_

ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.07.
N 179 қаулысымен.

P000179_

ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.22.
N 273 қаулысымен.

P000273_

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.30. N 1481
қаулысымен.

P001481_

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.19. N 522
қаулысымен.

P010522_

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.28. N 581
қаулысымен.

P010581_

Ескерту. Қосымшаның күші 2001 жылғы 4 шілдеден 10 қазанға дейін
тоқтатыла тұрсын - ҚР Үкіметінің 2001.06.01. N 751
қаулысымен.

P010751_

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.14. N 1213
қаулысымен.

P011213_

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.02. N 1389
қаулысымен.

P011389_

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу
құқығына лицензиялық алымның
ставкалары

Лицензияланатын қызмет түрлері	Лицензиялық алымның ставкалары айлық есептік көрсеткіштерде
--------------------------------	---

1

2

1. Азаматтар мен заңды тұлғаларға қызмет
көрсетуге байланысты қызметтерді лицензиялау
үшін лицензиялық алымның ставкалары:

- | | |
|--|---------|
| 1) нақты мамандықтар бойынша дипломдар беру
құқығы бар орта, арнаулы орта білім беретін
оқу орындарының қызметі; | 10 |
| нақты мамандықтар бойынша дипломдар беру
құқығы бар жоғары білім беретін оқу
орындарының қызметі; | 10 |
| 2) медициналық, дәрігерлік қызметпен айналысу;
мал дәрігерлігі қызметімен айналысу; | 10
6 |

3) тыңшылық (детективтік) қызметке байланысты мемлекеттік емес субъектілерге заң қызметін көрсету;	6	
4) адвокаттық қызметтер көрсету;	6	
5) адвокаттық қызметке байланысты емес ақылы заң қызметтерін көрсету;	6	
6) нотариалдық қызмет көрсету	6	
7) лотереяларды (мемлекеттіктен (ұлттықтан) басқа), тотализаторларды, казиноларды ұйымдастыру және өткізу	10	
8) қолма-қол шетелдік валюта үшін бөлшек сауданы жүзеге асыру және қызметтер көрсету;	10	
9) мүлікті бағалау жөніндегі қызмет;		
	6	
10) заңды және жеке тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыру	6	
11) туристік операторлық қызмет	5	
туристік агенттік қызмет	15	
экскурсиялық қызмет	5	
туризм нұсқаушысының қызметін көрсету	1	
12) астықты сақтау	10	

2. Қаржылық қаражатты шоғырландыруға байланысты қызметті лицензиялау үшін лицензиялық алымның ставкалары:

11) банк операцияларын, сондай-ақ банк заңдарына сәйкес банктер жүзеге асыратын өзге де операцияларды жүзеге асыру, заңдарға сәйкес валюталық операцияларға жатқызылатын шетелдік валюталармен операцияларының, клирингілік және есеп айырысу ұйымдарының қызметі, банк қызметін аудиторлық тексеру;	20
12) аудиторлық қызмет;	10

- 13) сақтандыру қызметі; 10
- 14) бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтер, 10
бағалы қағаздар мен сауда-саттық ұйымдастырушылардың
және бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың
өзін-өзі реттейтін ұйымдарының қызметтері;
- 15) зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызмет; 10
- 16) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі 10
қызмет;
- 17) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару 10
жөніндегі қызмет;
- 18) инвестициялық қор қызметі; 10

3. Қауіптілігі жоғары және (немесе) ерекше мемлекеттік маңызы бар объектілермен байланысты қызметті лицензиялау үшін лицензиялық алымның ставкалары.

- 19) қару-жарақ пен оларға оқ-дәрілерді, әскери 22
техникалар мен қосалқы бөлшектерді, құрастырмалы
элементтер мен оларға тән аспаптарды, егер олар
басқа салаларда қолданылмайтын болса, сондай-ақ
оларды өндіру үшін арнаулы материалдар мен
қондырғыларды әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату;
ақпаратты қорғаудың криптографиялық 9
құралдарын, арнаулы жедел-іздеу шараларын жүргізу
үшін арнаулы техникалық құралдарды әзірлеу,
өндіру, жөндеу және сату;
- 20) жарылғыш және пиротехникалық заттар мен 22
олар қолданылатын бұйымдарды әзірлеу, өндіру және
сату;
- 21) ғарыш кеңістігін пайдалану жөніндегі 186
қызметтердің барлық түрі, бұған ракеталық-ғарыш
техникасын жасауды, өндіруді, жөндеуді және
жетілдіруді қоса, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету
үшін жер үстіндегі инфрақұрылымды (полигон,
командалық-өлшеу кешені, стендалық база және

басқалар) пайдалану;

22) радиожилік спектрін пайдалану; геостационарлық байланыс серіктерінің орбиталарын пайдалану;	6 186
23) атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызмет түрлері оның ішінде: атом энергияларын пайдалану объектілерін орналастыру, жобалау, салу, іске қосу, пайдалану, қайта құру, консервация және пайдаланудан шығару; радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу; ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау; ядролық және радиациялық қауіпсіздікті бақылау жөніндегі қызметтер радиоэкологиялық зерттеулер мен радиациялық сауықтыру жөнінде жұмыстар жүргізу; ядролық жарылыс жасалатын жерлердегі қызметтің барлық түрлері; Қазақстан Республикасы аумағының шегінде ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды тасымалдау (транзитті қоса); атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет үшін адамдар мен мамандарды даярлау және аттестациялау;	230 230 230 100 100 50 50 10
24) арнаулы қорғану құралдарын қолданудың қажетінсіз оларды пайдалануға рұқсат етілетін нормадан артық мөлшерде радиоактивті заттары бар өнімдерді дайындау және сату;	200
25) электр және жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу;	10
26) босаған әскери-техникалық құралдарды жою (күрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу;	22

27) өнеркәсіптік жарылу-өрт қаупі бар және тау-кен
өндірістерін электр станцияларының, электр желілері

мен кіші станцияларын, гидротехникалық құрылыстарды, магистралды газ, мұнай өнімдері желілерін көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, түтіктер мен құбыр желілерін жобалау салу және пайдалану;

28) химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, кен-шахта металлургия, энергетика жабдықтарын жарылудан қорғайтын электротехникалық қондырғыларды, аппаратуралар мен бақылау, аварияға қарсы қорғану мен белгі беру жүйелерін, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандарды, түтіктер мен құбыр желілерін жобалау, дайындау, монтаждау және жөндеу; 10

29) электр энергиясын қайта сату мақсатындағы сатып алу; 10

30) атылатын азаматтық және қызметтік қаруларды және оның оғын, суық қаруларды өндіру, жөндеу, сауда жасау; 7

атылатын азаматтық және қызметтік қаруларды және оның оғын, суық қаруларды алу, сәнге жинау; 5

атылатын азаматтық және қызметтік қаруларды және оның оғын, суық қаруларды жасау, көрмеге қою; 11

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды жасау, сауда жасау, сәнге жинау; 5

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды өндіру, алу, көрмеге қою; 11

өзін-өзі қорғаудың химия құралдарымен сауда жасау, сәнге жинау, алу; 5

өзін-өзі қорғаудың химия құралдарын жөндеу, көрмеге қою; 10

өзін-өзі қорғаудың химия құралдарын әзірлеу, өндіру;	7
31) тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыстық объектілерді газдандыру жөніндегі өндірістік, жөндеу және құрылыс жұмыстары;	10
32) күзет, өрт белгісін беру және өртке қарсы автоматика құралдарын жобалау, монтаждау, жолға қою және техникалық қызмет көрсету;	10
өртке қарсы техниканы, өртке қарсы қорғану жабдықтары мен құралдарын өндіру және сату;	10
33) жолаушылар лифтілерін монтаждау, жөндеу және қызмет көрсету;	10
34) өндірістік және тұрғын үй-азаматтық объектілерін дезинфекциялау мен дезодорациялау;	10
35) рентген жабдықтарын және радиоактивті заттар мен изотоптар пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру және сату;	200
36) жолаушылар мен жүктерді тасымалдау: теміржолмен; 3 өзенмен, теңізбен; 3 әуе көлігімен; 15 автомобиль көлігімен жолаушыларды және жүктерді халықаралық тасымалдау; 3 көліктің барлық түрлерімен қауіпті жүктерді тасымалдау; 3 авиациялық жұмыстар; 15	
37) әуежайларда әуе кемелеріне, жолаушылар мен жүктерге қызмет көрсетуге байланысты әуежайлық қызметтер;	10
38) технологиялық және ішкі өндірістік мақсаттағы, сондай-ақ курьерлік қызметтер көрсетуді қоспағанда, почта байланысы мен телекоммуникация саласындағы қызмет;	6
39) ақпараттарды қорғаудың техникалық құралдарын, ақпараттарды өңдеудің қорғалған техникалық құралдарын әзірлеуді, жасауды, дайындауды,	9

монтаждауды, іске қосуды және сервистік қызмет көрсетуді қосқанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын техникалық қорғау жөніндегі қызметтің барлық түрлері;

40) байланыстың жалпы республикалық магистральды және халықаралық желілерін жобалау, салу және пайдалану; 6

41) Жерге орналастыру топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу мен топографиялық-геодезиялық және картографиялық өнімдерді сату;

10

42) емдік препараттарды (есірткі және психотроптық заттары жоқ жануарлардың, өсімдіктер мен шөптердің шипалы өнімдерін өсіру, жинау мен сатудан басқа) дайындау және сату; 10

43) минералдық шикізат өңдеу;

44) жобалау-іздігіру, сарапшылық, құрылыс-монтаж жұмыстары, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларды өндіру жөніндегі жұмыстар; 10

45) өлшем құралдарын тексеру, шығару және жөндеу; 10

46) этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіру; 36

этил спиртіні сақтау және сату; 14
алкоголь өнімдерін сақтау және көтерме сауда мен сату (сырадан басқа); 14

алкоголь өнімдерінің (сырадан басқа) бөлшек саудасы; 10

47) Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жекелеген кеден режимдерінің шегінде жүзеге асырылатын қызмет, сондай-ақ кедендік қызмет көрсетулер; *

48) бағалы қағаздардың бланкілерін, сондай-ақ елтаңбалық қағаздарды, чектік кітапшалар мен депозиттік сертификаттардың бланкілерін жасау және әкелу; 10

* кәсіпкерлік қызметтің аталған түрлері үшін
лицензиялық алымның ставкасы жеке нормативтік
құқықтық актімен белгіленеді.

49) шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге шығаруға байланысты қызметтер; 10

50) заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және сатуы; 10

51) сот-сараптау қызметі; 6
52) археологиялық, тарихи және мәдени ескерткіштерді жаңғырту жұмыстары; 10

53) есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет: әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, қайта жіберу, алу, сақтау, бөлу, сату, пайдалану, жою; есірткі және психотроптық заттары бар өсімдіктер мен шөптерді өсіру, жинау, дайындау. 20

54) банкроттық рәсімдерде төлем жасауға қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызмет 10

4. Өнімдердің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау үшін лицензиялық алымның ставкалары 6

5. Табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті лицензиялау үшін лицензиялық алымның ставкалары:

экологиялық аудиторлық қызмет, шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері; табиғи ресурстарды олар туралы заңдарға сәйкес пайдалану; қоршаған ортаға ластанған заттарды тастауды 6

(шығаруды) жүзеге асыру; қоршаған орта мен халықтың денсаулығына ерекше қауіп төндіретін өндіріс пен тұтыну қалдықтарын көму және сақтау; табиғат қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптама саласындағы жұмыстар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК